

**Маратова Гүлдана Маратқызының
6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім
беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алуға ұсынған «Жасанды ұдайы өндірістің тиімділігін
арттыру үшін генетикалық әдістерді пайдалану арқылы бекіре
балықтарының ремонттық аналық үйірлерін қалыптастыру»
тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына**

ПІКІР

Су организмдерінің табиғи популяцияларына өсіп келе жатқан антропогендік жүктеме көбінесе олардың құрылымындағы жағымсыз өзгерістерге, санының азаюына, кейде тіпті толық жойылуына әкеледі. Бекіре балықтарының қазіргі жағдайы халықаралық деңгейде қарастырылып жатқан өзекті проблемалардың бірі. Тарапу аймағы кең бұл балықтар дәстүрлі мекендейтін көптеген жерлерде кәсіптік маңызын жоғалтты. Себебі көптеген өзендердің реттелуіне байланысты гидрологиялық режимнің өзгеруі және табиғи уылдырық шашатын орындары қысқара бастады. Сондықтан балықтарды көбейту мақсатында толықтыруышы аналық үйірлерді қалыптастыру мәселесі маңызды шара болып табылады. Жыныстық жағынан тез жетілу және бейімделу қасиетінің жоғары болуына байланысты сүйрік балығы бекіре тұқымдас балық түрлерінің ішінде сүйрік бірқатар экономикалық және биологиялық ерекшеліктері - жасанды өсіру кезінде маңыздылығын арттырады.

Жұмыс нәтижелері 019 «Маңғыстау облысында балық шаруашылығын қарқынды дамыту үшін генотиптеу арқылы бекіре тұқымдас балықтардың толықтыруушы аналық үйірлерін өсіру және қалыптастырудың инновациялық тәжірибелі енгізу» 2018 – 2020 жж бағдарламасы бойынша жүргізіліп, алынған нәтижелердің сенімділігі мен дұрыстығына қол жеткізу мақсатында 2021-2023 жылдарға арналған «Инновациялық технологиялар мен жаңа балық өсіру нысандарын әзірлеу және енгізу арқылы Қазақстандағы аквакультуралық шаруашылығын кешенді дамытуды ғылыми-технологиялық қамтамасыз ету» ғылыми-техникалық бағдарламасы аясында жалғастырылған.

Зерттеудің мақсаты – Маңғыстау және Атырау облыстары жағдайында бекіре тұқымдас балықтардың толықтыруушы аналық үйірлерін қалыптастырудың биотехникалық әдістерін әзірлеу.

Барлық зерттеу жұмыстарын, тәжірибелерді диссертант: Маратова Гүлдана Маратқызы отандық және шет елдік ғылыми жетекшілерінің басшылығымен «Kazakh Osseter» ЖШС» (Маңғыстау облысы) және «Жайық-Атырау бекіре балық өсіру зауытында» РМҚК, «Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС зертханаларында (Алматы қ.) жүргізілген және ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына сәйкес орындалды.

Жұмыс бірінші рет жүргізіліп отыруына байланысты айрықша өзекті және өндіріс сұранысына толық сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыс аясында 7 ғылыми мақала шығарылған. Оның ішінде 3 ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған, 1 мақала – халықаралық Scopus деректер базасына енгізілген жарияланымдарда, 3 мақала – халықаралық конференция жинактарында жарияланған және де 1 патент алынды.

Бүкіл жұмыста баяндалған мәліметтер докторанттың өзінің жеке зерттеулері болып табылады және ол жоғары әдістемелік деңгейде жүргізілген. Жалпы жасалынған ғылыми жұмыс жаңалығы жағынан уақытқа сай, өте жоғары әдістемелік деңгейде жүргізілген, ғылымға қосылған үлкен зерттеу жұмыс болып табылады.

Докторант Маратова Гүлдана Маратқызының «Жасанды ұдайы өндірістің тиімділігін арттыру үшін генетикалық әдістерді пайдалану арқылы бекіре балықтарының ремонттық аналық үйірлерін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы барлық қойылған талаптарға сәйкес келеді және 6D080200 «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесшісі:

Исбеков К.Б.

(тегі және инициалдары)




(қолы)

«Балық шаруашылығы ғылыми-
өндірістік орталығы» ЖШС
бас директоры, б.ғ.д., профессор